

6. Козганбаева Г.Б. Монғолиядағы қазақ диаспорасы: тарихы, бүгін мен ертеңі: Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. – Түркістан, 1999. – 132 б.

XX Ғ. МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

Р.Д. Ахметова, А.М. Мамырбеков, Г.М. Тохметова

Отандық ғылымдағы маңызды бағыттардың бірі Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қазақ диаспорасы тарихын зерттеу болып табылады. Мақалада Батыс Моңғолия аумағында тұратын әкімшілік және мәдени автономиясы бар ең ірі этникалық азшылық болып табылатын қазақ халқының әлеуметтік, демографиялық, экономикалық өзгерістері қарастырылады. Авторлар зерттеу кезеңіне сәкес, Моңғолия Үкіметінің саны аз халықтарға, соның ішінде қазақтарға қатысты жүргізіп отырған саясатқа байланысты орын алып отырған өзгерістерді талдайды. XX ғасырдағы Моңғолиядағы қазақ халқының қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық өмірінің ерекшеліктері статистикалық мәліметтер негізінде Моңғолиядағы қазақ халқының қоныстану аймағы мен саны, олардың ел экономикасы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі қарастырылады.

Түйін сөздер: диаспора, мәдениет, аймақ, қоныс аудару, бейімделу.

KAZAKH DIASPORA IN MONGOLIA IN THE XX CENTURY

R. Akhmetova, A. Mamyrbekov, G. Tokhmetova

One of the most important directions in domestic science is the history of the study of the Kazakh diaspora outside the Republic of Kazakhstan. The article examines the social, demographic, economic changes in the situation of the Kazakh population living in Western Mongolia and being the largest ethnic minority in the country with sufficient administrative and cultural autonomy. The changes taking place are considered by the authors taking into account the analysis of the policy of the Mongolian government in relation to indigenous peoples, including the Kazakhs, during the period under study. The features of the social and socio-economic life of the Kazakh population in Mongolia in the twentieth century are revealed, on the basis of statistical data, the settlement area and the number of the Kazakh population in Mongolia, their contribution to the development of the country's economy and culture are analyzed.

Key words: diaspora, culture, provinces, resettlement, adaptation.

МРНТИ: 21.15.47

А.Б. Әкімханов, С.Б. Шәкизада, А.Б. Жағыпар

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ.

«ТӘУИЛАТ ӘНЛ ӘС-СУННӘ» ТӘПСІРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЙНАРКӨЗДЕРІ

Аңдатпа: Бұл мақалада «Тәуиләт» қайнаркөздерінің әр қайсысына жеке-жеке тоқталып, деректанулық және исламтанулық тұрғыдан талдау жасалады. Матуридидің тәпсірінің тек қана риуаятпен шектелмейтін, дирият пен полемикалық әдіске негізделгендігі дәлелденеді. Тәпсірші ғұламаның өз кезеңіне дейін жазылған тәпсірлерді жетік меңгергендігі, хадистер мен риуаяттардың тізбегіне қатысты қалыптасқан сыни әдіснаманы дирият әдісімен ұштастыра отырып, риуаяттарды белгілі бір жүйемен Құранға жүгіндіргендігі баяндалады. Сондай-ақ, аталған еңбекті Матуридиге тиесілі емес дейтіндерге жауап беріледі.

Бұл кітап – Матуридидің Құран аяттарын түсіндірудегі ерен еңбегінің жемісі. Зерттеу барысында көзіміз жететіндей бұл еңбекте бүгінгі күннің өзінде мұсылмандардың арасында өзекті мәселелерге кіріспе жасалған, мәселелер әртүрлі қырынан қарастырылып, талданған, нақыл (діни мәтіндер) мен ақыл негізінде Құран аяттары мен түйткілді мәселелерге түсіндірмелер берілген.

Түйін сөздер: Тәуиләт, Матуриди, дирият әдісі, ақыл, нақыл, тәпсір, тәуил.

Тәуиләт кітабының зерттелу деңгейі. Зерттеу жұмысымызға арқау болып отырған бұл тәпсір кітабы – Кітаб әт-Тәуиләт деген атаумен танымал. Матуриди уахиге сүйенген нақты бір дәлелсіз өзінің және басқа да ғалымдардың Құран аяттарына қатысты түсіндірмелеріне «тәуил» (аяттың мағынасы мынандай деп, кесіп айтпай, белгілі қағидалар мен шарттар негізінде аяттың негізгі тура мағынасынан бөлек бірнеше ықтимал мағыналарын алға тарту) [1] терминін қолданып, «тәпсір» сөзін қолданудан сақтанған. Тәуиләтқа түсіндірме (шарх) жазған Ала әд-Дин ас-Самарқанди де бұл ерекшелікті тілге тиек етіп, кітап атауының осы негізге орай қойылғандығына баса назар аударады [2]. Табақат (библиографиялық әдебиеттер) кітаптарының көбінде еңбектің атауы «Тәуиләт әл-Құран»

деп келеді. Кітапта әһлу суннәның сенім жүйесі негізге алынғандығы себепті, автор оған «Тәуиләт әһл әс-суннә» деген атау берген болуы да мүмкін. Бұл кітап – Матуридидің Құран аяттарын түсіндірудегі ерөн еңбегінің жемісі. Зерттеу барысында көзіміз жететіндей бұл еңбекте бүгінгі күннің өзінде мұсылмандардың арасында өзекті мәселелерге кіріспе жасалған, мәселелер әртүрлі қырынан қарастырылып, талданған, нақыл (діни мәтіндер) мен ақыл негізінде Құран аяттары мен түйткілді мәселелерге түсіндірмелер берілген. Бұл тәпсір Матуридидің тек кәләм ілімін ғана емес, фиқһ және фиқһ негіздерін, қирағат ілімін, араб тілін, мазхабтарды және т.б. ғылымдарды терең меңгерген жан-жақты ғалым болғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, бұл еңбекте біртұтастық орын алып, Құран Кәрім бәрінен бұрын Құран аяттарымен, қирағат ілімімен, одан кейін риуаяттармен, сондай-ақ дираят әдісімен жан-жақты тәпсірленген.

Матуриди өмір сүрген кезең – тәпсір ілімінің хадистен еншісін алып, өз алдына жеке ғылым саласы болып қалыптасқан шақ еді. Осы кезеңде – ат-Табари, Ибн Әби Хатим, Ибн Хиббан секілді тұлғалар өздерінен бұрынғы Құран тәпсіріне қатысты риуаяттарды жинақтап, Құранды бастан-аяқ жүйелі түрде тәпсірлеген. Құран аяттарын тілдік (лингвистикалық) тұрғыдан да біршама тәпсірлеген. Ал, Матуридидің тәпсірі – дираят тәпсірінің ең алғашқы үлгісі және өзінен кейінгі «Кәшшәф», «Мәфәтихул Ғайб» сынды тәпсірлерге соны үлгі болған. Осыған қарамастан, тәпсіршілердің өмірбаяндары баяндалған «Табақат» кітаптарында, тәпсір тарихы мен тәпсір негіздеріне қатысты жазылған бірқатар еңбектерде Тәуиләт туралы аз айтылуы, тіпті, кей жерлерде ол туралы мүлде сөз қозғалмауы, сондай-ақ, Фахруддин ар-Разидің «Мәфәтихул ғайб» кітабының «дираят тәпсірінің» ең алғашқы үлгісі ретінде аталуы тәпсір тарихында орын алған үлкен қателік ретінде бағалану керек [2].

Тәуиләтта «Қалә әш-шәйх (Шейх былай деді)», «Қалә Әбу Мансур (Әбу Мансур былай деді)» деген секілді сөздердің кездесуі, тақырыппен айтарлықтай байланысы жоқ бірнеше жолдық түсіндірмелер және бірнеше рет қайталанып келген сөйлемдер – бұл тәпсір Матуридидің емес, одан дәріс алған шәкірттері жазған еңбек болуы мүмкін деген ой тудыруы заңды жағдай. Тәуиләтқа түсіндірме жазушы Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Ахмед Әс-Самарқандидің өзі Шәһид Али Паша кітапханасы, 283 нөмірлі Тәуиләт түсіндірмесінің алғашқы бетінде осындай көзқарасын баяндаған. Алайда, «Китабу Тәуиләт» пен «Китәбу Таухидты» салыстырып қарасақ, екі еңбектің методология тұрғысынан да, мазмұн тұрғысынан да бір-біріне қатты ұқсайтынын байқаймыз. Осылайша, аталмыш екі кітаптың бір автордың, яғни Матуридидің қаламынан туындағанына ешқандай күмән қалмайды. Бұрынғы кезде ғұламалардың дәрістерін шәкірттерінің конспект етіп жазуы бұл мәселеде кейбір теріс пікірлерге жол ашқан болуы мүмкін деп тұжырымдаймыз. Еңбектің осындай жолмен Матуридидің шәкірттері тарапынан қағазға түсірілуі оның Матуридиге тиесілі екендігін жоққа шығаруға негіз бола алмайды. Мұстафа Жәриж де дәл осындай пікір білдірген. Барлық табақат кітаптарында бұл еңбектің Матуридиге тиесілі екендігі жазылған.

Тәуиләттың библиографиясы. Матуриди Тәуиләтта кейбір қайнаркөздерге нақты сілтеме бермеген. Төмендегі сөздер соны айғақтайды: «Қалә әһлут тәфсир (тәпсір ғалымдары былай деді)», «Қалә әһлут тәуил (тәуил ғалымдары айтты)», «Қалә баъду әһлит тәуил (кейбір тәуил ғалымдары былай айтты)», «Қалә ʿаммәту әһлит тәуил (тәуил ғалымдарының барлығы (бірауыздан) айтты)», «Уә қалә әхарун (басқалары былай деді)», «Уә қалә бәъду әһлил илм (кейбір ғалымдар айтты)», «Қалә бәъду әһлил кәләм (кәләм ғалымдарының кейбірі былай деді)», «Қалә ләнә қайл (бізге біреу былай айтты)», «Қалә бәъдуһум (кейбірі былай айтты)», «Қалә бәъдун нәс (кей адамдар былай деді)», «Уә қалә қаумун (бір қауым (топ) айтты)», «Қалә жәмәғатун минәс сахаба (сахабалардың бір тобы былай айтты)», «Қалә асхабунә (біздің ғалымдарымыз былай деді)», «Қилә (айтылды)», «Зукира фил қиссати (бір қиссада былай айтылған)», «Зукира әннә (былай айтылды)» деген секілді жалпылама сөздерді қолданып, дереккөздерге анық сілтеме бермеген. Бұдан сол замандағы еңбектерде қазіргідей пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме беру жүйесінің болмағандығын байқауға болады. Кейбір дереккөздерге сілтеме жасалғанда да, көбінесе жекелеген бірқатар ғалымдардың есімдері ғана аталады. Сондай-ақ өте сирек Китәб әл-Мантық, Китәб әз-Зиядат, Китәб ат-Таухид, Китәб әл-Уадих, Китәбу-л-Алим уә-л-Мутәғәллим, Тәфсир Әби Бәкір әл-Асамм[3] сынды кейбір еңбектердің есімдері тілге тиек етілген. Мұндай еңбектердің пайдаланылған әдебиеттерін егжей-тегжейлі анықтау – өз алдына жеке бір зерттеу жұмысын талап етеді. Сондықтан, автор атап өткен дереккөздер жайлы қысқаша мәліметтер келтірумен шектелеміз. Матуридидің Тәуиләтында аталған

әдебиеттерді лингвистикалық, тәпсір, хадис, фикһ және көлем әдебиеттері деп бес топқа бөліп қарастыруға болады.

Лингвистикалық дереккөздер. Матурди лингвистикалық сараптамаларға қатысты кейде «Қалә әһлул әдәб (тіл ғалымдары былай деді)» деген секілді жалпылама сөздер қолданғанымен, көбінесе нақты есімдерді айтады. Басым бөлігі Басра және Куфа мектебінің өкілдері болып табылатын бұл кісілер – тек қана тіл және Араб әдебиеті алаңында ғана емес, сонымен қатар, тәпсір, пәлсапа, тарих сынды салаларда да қалам тербеген, өз замандарының ғылыми деңгейіне сай шоқтығы биік, заңғар тұлғалар боп саналады. Мәселен, Абдулла ибн Аббастың тәпсірді тілдік талдаулар жасамады деп айту дұрыс болмағаны секілді, Ферра, Әбу Убәйдә, Әбу Муғаз сынды ғалымдарды да тек қана лингвистикалық тұрғымен шектеп қою да қате болады [4].

Тәпсірге қатысты дереккөздер. Мұхаммед Пайғамбар 632 жылы өмірден өткеннен кейін, Пайғамбардың болсын, сахабалар мен табиғиндардың болсын Құранға қатысты берген түсіндірмелері риуаят жолымен ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырды. Міне осы риуаяттар – Табари секілді риуаят тәпсіріне де, Матуридидің «Китабу Тәлуилат» кітабына да қайнар көз болды. Тәуилатта тікелей Пайғамбарымыздың тәпсіріне қатысты көптеген риуаяттар, сондай-ақ, сахабалар мен табиғиндерден, ол кісілерден кейін келген бірқатар тәпсіршілерден де риуаяттар келтірілген.

Матуриди тәпсір мәселесінде сахабалардың ішінде ең көп Абдулла ибн Аббас, Абдулла ибн Масғуд, содан кейін Абдулла ибн Омар, Әли ибн Әби Талиб, Омар ибн Әл-Хаттаб, Убәй ибн Кәғб және Айша анамыздан риуаяттар келтірген. Табиғиннан ең көп тілге тиек етілген кісі – Хасан Басри, одан кейін Даххак, Қатада, Мужәһид, Сағид ибн Жубәйр секілді алдыңғы қатарлы табиғиндар. Бұл кісілерден басқа, тәпсір тұрғысында ең көп риуаят келтірілген кісі – Әбу Бәкір Әл-Әсам. Матуриди оның аяттарға қатысты жасаған тәпсірлерін риуаят етеді. Кейде оның муғтазила мазһабына жататын пікірлерін сынға алады, ал кейде ешқандай сын айтпайды. Әбу Бәкір Әл-Әсамнан кейін Муқатил ибн Суләйменға сілтеме береді [4].

Хадиске қатысты дереккөздер. Матуриди Тәуилатта Мұхаммед пайғамбарға телінген хадистерді, көбінесе, сәнәдсіз(хадисті жеткізушілердің тізбегі) келтіреді. Сондай-ақ, хадистің мәтінін де толықтай емес, тақырыпқа тікелей қатысты тұстарын ғана тілге тиек етеді. Дегенмен, өте сирек «Сағид Абдулла ибн Масғудтан», «Амр ибн Шуғайб әкесінен, ол атасынан» деген секілді тіркестерді қолданған жерлері де бар. Кейде хадистің «марфуғ (тізбегі Мұхаммед пайғамбарға дейін жеткен хадис)» немесе «мауқуф (тізбегі пайғамбарға дейін жетпей сахабада тоқтап қалған риуаят)» екендігін айтып өтеді. Көбінесе, хадистерді «руийә анин нәбии» (Пайғамбардан риуаят етілді), «лиқаулиһи» (Пайғамбардың мына бір сөзі себепті) деген секілді тіркестер арқылы тікелей пайғамбардың өзінен немесе «руийә ан ибн Масғуд әннен-Нәбийя қалә» (Ибн Масғудтан Пайғамбарымыздың былай деп айтқаны риуаят етілді) деген секілді сөздермен сахабадан немесе табиғиннан риуаят ету жолын таңдайды. Өте сирек «Алла Мұхаммед үмметін адасушылықта біріктірмейді» деген секілді негізі хадис болып табылатын сөздерді өз сөзі секілді айтатын жерлері де болады[2]. Хадис өртүрлі жолдармен жеткен болса, мәселен, Әбу Хурайрадан жеткен хадисті келтірген соң, «дәл осы хадис Абдулла ибн Масғудтан да риуаят етілді» деп, сол немесе соған ұқсас хадистің басқа да жету жолының бар екенін меңзеп өтетін кездері де болады. Хадистер мен хабарларды жеткізгенде кісілердің аттарын атап айтады. Дегенмен, кейде адамдардың атын баяндау барысында «Әбу Қасым» деген секілді «куния» (адамды баласымен байланыстырып, «Пәленшенің әкесі» деп атау, бұл арабтарда бар дәстүр) ғана айтылып, толық аты-жөні ашықталмаған жерлер де бар. Бұл жағдай – адамдардың есімі немесе куниясы ұқсастығы себепті, аталмыш кісінің нақты кім екендігін анықтау барысында кейде айтарлықтай қиындық тудырып жатады.

Бұл кісілердің ішіндегі хадис риуаяты мәселесінде аттары ең көп аталғандар – Әбу Хурайра, Әнәс ибн Мәлик, Әли ибн Әби Талиб, Хазіреті Айша, Абдулла ибн Аббас, Абдулла ибн Масғуд, Абдулла ибн Омар, Жәбир ибн Абдулла сынды хадис риуаятындағы алдыңғы қатарлы сахабалар.

Фикһи дереккөздер. Матуриди фикһи мәселелерде кейде өзі сүйенген немесе көзқарастарын баяндаған кісілерге сілтеме жасап, есімдерін қысқаша айтып кеткенімен, көбінесе «индә әсхабинә» (ғалымдарымыздың пікірнше), «қалә әсхабунә» (ғалымдарымыз айтты), «уә әммә әсхабунә» (ал біздің ғалымдарымызға келетін болсақ), «әһлул ижтиһәд»

(ижтиһад иелері) деген секілді жалпылама сөздерді қолданады. Бұл мәселеде Матуридидің есімдерін ең көп қолданған кісілер – әуелі Әбу Ханифа және оның екі шәкірті Әбу Юсуф пен Мұхаммед. Шафиғидің көзқарастарын да жиі-жиі тілге тиек етеді. Көбінесе, ол кісіге сын айтады[5]. Сондай-ақ, Әбу Ханифа, Әбу Юсуф және Мұхаммедтің арасындағы пікір айырмашылықтарына да тоқталып, жасалған ижтиһадтар мен берілген үкімдерді өз пікірінше сараптап-талдайды. Бұл айырмашылықтар – фикһтың тармақ мәселелеріне қатысты [6].

Кәләми дереккөздер. Матуриди басқа да мәселелердегі секілді, кәләмға қатысты мәселелерде де бірқатар көзқарастарды баяндау барысында адамдардың аттарын атаудың орнына көбінесе «қалә әһлул кәләм» (кәләм ғалымдары былай деді), «қалә биһи жәмәғатәун мин әһлил кәләм» (кәләм ғалымдарының бір тобы осылай айтты) деген секілді жалпылама немесе «қалә Әл-Мұғтазила» (Мұғтазила былай деді), «қалә Жәһмия» (Жәһмия былай деді) деген секілді жекелеген адамдардан гөрі, мазһабтар мен ағымдарды меңзейтін тіркестерді қолданады. Кейде кісілердің аттарын да айтып өтеді[7].

Дереккөздерге талдау жасау. Матуридидің негізге алған дереккөздері мен әдебиеттері турасында көптеген жерде жалпылама сөздер қолдануы, олардың атауын және еңбекті ашық айтпауы, риуаяттарды жеткізгенде тізбекті айтпай кетуі дереккөздерді анықтау мәселесінде біршама қиындықтар тудырды. Зерттеу тұрғысынан келетін болсақ, бұл еңбектің дереккөздерін нақты анықтап жазу – зерттеу жұмысының ең қиын тұсы болып табылады. Хадистер мен хабарлардағы тізбекті есепке алмайтын болсақ, олардың тысындағы риуаят етілген бір сөздің немесе көзқарастың кімге тиесілі екендігі, қандай жолмен келгендігі, қандай кітапта келгендігі секілді мәселелерді нақты баяндау – ол замандағы ғылыми жұмыстарда айтарлықтай мән беріліп, маңызды нәрсе болмағандығы, бұл мәселеде жергілікті бір әдістеменің қалыптаспағандығы аңғарылады. Алайда, өткенге талдау жасап, жарыққа шығару мәселесінде бұл жағдай айтарлықтай кедергі келтіріп, біраз байланыстарды үзеді. Себебі, сөздері негізге алынып, есімдеріне нақты сілтеме берілген кісілердің өзінің біршама маңызды еңбектерінің біздің заманымызға дейін жетпегендігі белгілі.

Матуридидің тәпсірі тек қана риуаятпен шектелмейді, дираят пен полемикалық әдіске негізделеді. Тәпсірші ғұламаның өз кезеңіне дейін жазылған тәпсірлерді жетік меңгергендігі, хадистер мен риуаяттардың тізбегіне қатысты қалыптасқан сыни әдіснаманы дираят әдісімен ұштастыра отырып, риуаяттарды белгілі бір жүйемен Құранға жүгіндіреді. Талдауларында өзінің әдіс-жүйесіне сәйкес келген және көп жағдайда жалпы тәжірибемен де қуатталған сүннеті, ақылды, жекелеген және қоғамдық ақиқаттарды да белгілі деңгейде назарға алғандығын, осылайша, «мәтінді сыни тұрғыдан талдау» әдісін тәжірибеге енгізгенін аңғарамыз. Ол тәпсірінде хадистер мен хабарлардың тізбектеріне және оларды «жарх-тағдил» тұрғысынан сынға алу мәселесіне мүлдем дерлік орын бермеген.

Тәпсіршінің дереккөздерге рационалды қарауы және сыни көзқарасы дереккөздерді таңдауы мен олардан алған мәліметтерді қолдануында анық сезіледі. Мәселен, Табари тәпсірінде риуаяттар тізбектерімен бірге толықтай беріліп, рационалдық тұрғыдан талдау жасалмайды. Ал, Матуридидің дереккөздерді қолдануында Ханафи мазһабын негізге алуы мен Мұғтазила, Шиға, Батиния ағымдарына қарсы Әһлус сүннет ақидасының қорғалуын назарда ұстауының айтарлықтай рөлі болды. Табари тәпсірі Исраилият хабарлары аралас риуаяттарға толы болса, Матуриди бұл мәселеде ықтияттылық танытып, риуаяттың тек тақырыпқа қатысты бөлімін келтірмен шектеліп, мәселеге қатысты жоғарыда да айтқанымыздай, дираят әдісі негізінде талдаулар жасаған. Табаридің тәпсірінен қайталанған риуаяттар мен исраилаттарды алып тастасақ, Ибн Кәсирдің тәпсіріне ұқсас бір тәпсір кітабы пайда болар еді. Ал Матуридидің іздерін Жассастың Әхкәмул Құран кітабында және кейіннен жазылған тағы да басқа дираят тәпсірлерінен байқауымызға болады.

Қорыта келе, тәуиләтта кездесетін тәпсір және хадис риуаяттарына қатысты, көбінесе, осы салада белгілі болған сахабалар мен табиғиндерге сілтеме берілсе, фикһқа қатысты көзқарастар талданған кезде Әбу Ханифа мен екі шәкірті, сондай-ақ Шафиғидің көзқарастары тілге тиек етілгендігін байқаймыз. Лингвистикалық талдауларда тәпсіршілік жағы басым тіл ғалымдарының, ал, кәләмдық талдауларда болса, көбінесе Мұғтазилалық көзқарастарымен танымал болған кәләмшылардың есімдері көп аталғандығы аңғарылады, өйткені Матуриди Құран аяттарын тәпсірлеу арқылы мұғтазилалардың сенімдік ұстанымдарын терістеген. Жоғарыда да айтқанымыздай, кейбір жерлердің тысында Тәуиләтта кездесетін риуаяттар, көзқарастар мен пікірлердің қандай еңбектер мен

кітаптарда кездесетіндігі жайлы ешбір деректер берілмеген. Дәлел ретінде келтірілген хабарлардың арасында алты мәшһүр хадис кітаптарында (Кутубус ситтә) кездеспейтін хадистер мен хабарлардың болғанындай, тартысты мәселелерге қатысты бұл еңбектерде келгенімен қабыл етілмеген риаяттар немесе сахих деп қабылданғанымен одан қуатты бір риаят немесе Құранның мазмұнына сай жорамалданып, бірінші кезекте негізге алынбаған хабарлар да бар. Тәпсірші кейде тақырыпқа қатысты басқалардың тарапынан келтірілген риаяттар мен көзқарастарды тек жеткізумен ғана шектелсе, қажет деп тапқан жерінде оларға талдау жасай келе, өзінің таңдауын баяндайды.

Әдебиеттер

1. Badrud-din Zarkashi. Burhan fi Ulum al-Kuran. – Damask: “Ixiya kutub arabiya” 1957. – Т. I – 1652 б.
2. Мұхаммед ибн Ахмед Әбу Бәкір Аләуддин Әс-Самарқанди, Шарху Тәуиләтул Матуриди, Сулеймания кітапханасы (жазба). Хамидия, № 176, 2а.
3. Әбу Мансур әл-Матуриди. Тауилат аһли сунна. Бейрут: “Кутуб илмия” 2005. – Т. I – 638 б.
4. Даууди Шамсуддин Мухамед ибн Әли, Табақату әл-Муфассирин, 2 том, Бейрут, дар әл-кутуб илмия, 1983.
5. Абдулкәрим Зәйдән «Әл-Мәдхал лидирасәтиш Шарифатил Исламия», Бағдат, 1969, 130-135 б.
6. Әбу Абдулла Шәмсуддин Мұхаммед Әз-Зәһәби, Тәзкиратул хуффәз, Бәйрут, 1 том, 178-183 б.
7. Ибн Халликан Шамсуддин Ахмед ибн Әбу Бәкір, Уәфәятүл аян уә әнбә у әнбә и заман, I-VIII, Бейрут 1978, 329-330 б.
8. Мұхаммед Ибраһим Шариф. Бухус фи тафсир Құран Карим. // [Электронды адрес: www.Kt-b.com]

«ТАУИЛАТ АХЛЬ АС-СУННА» И ЕГО ИСТОЧНИКИ

А.Б. Әкімханов, С.Б. Шәкизада, А.Б. Жағыпар

В данной статье предпринята попытка анализа каждого из источников «Тауилата» с точки зрения источниковедения и исламоведения, а также приводится доказательство того, что комментарии Матуриди основаны не только на повествовании (риваят), но и на методах дираят и полемики.

В статье описано мастерское владение ученым комментариями, написанными до его времени, умение сочетать критическую методологию, сформировавшуюся относительно цепочки хадисов и рассказов, с методом дираят, а также умение на основе определенной системы толковать содержание коранических текстов с помощью рассказов. Статья представляет собой аргументированный ответ для определенного круга лиц, которые считают, что данный труд не принадлежит Матуриди.

Как мы видим из исследования, эта работа знакомит с актуальными проблемами среди мусульман, рассматривает и анализирует проблемы с разных сторон, объясняет стихи Корана и проблемные вопросы на основе пословиц (религиозных текстов) и рассуждений.

Ключевые слова: Тауилат, Матуриди, повествование риваят, рассказ.

COMMENTARY ON «TAWILAT AHL AL-SUNNA» AND ITS SOURCES

A. Akimkhanov, S. Shakizada, A. Zhagypar

This article attempts to analyze each of the sources of "Tawilat" from the point of view of source study and Islamic studies, and also provides evidence that the comments of Imam Maturidi are based not only on narration / stories /, but also on the methods of dirayat and polemics.

The article describes the scholar's perfect awareness of commentaries written before him, his skills to combine critical methodology based on relation to the chain of hadiths and stories, based on the system of Dirayat method. The paper also demonstrated his skills to make references to the narratives / stories / described in the Quran stories. The article is a reasoned answer for a certain circle of people who believe that this work does not belong to Imam Maturidi.

Key words: Tawilat, Maturidi, rivayat narration, short story.